

- 14 Wu X., Li J. "Family language policies and the shift from dialect to Mandarin in urban China" // Applied Linguistics, 2020. – vol. 41. – no. 5. – pp. 678-699. <https://doi.org/10.1093/applin/amz046>.
- 15 Baimyrza G., Tuleuova, A., Zhaksylykova G. "Linguistic identity and language shift among youth in Kazakhstan" // Eurasian Linguistic Journal, 2024. – vol. 5. – no. 1. – pp. 19-35. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i5.6878>.

Материал поступил в редакцию журнала 01.04.2025

МҒТАР 16.01.09

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp63-76](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp63-76)

К.Б. Дуйсенова¹, А.Е. Сарбасова¹, Е.В. Алешинская²

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, 030000, Қазақстан

²Ұлттық зерттеу ядролық университеті, Мәскеу, 115409, Ресей Федерациясы

ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН, ҚЫТАЙ ПАРЕМИЯЛАРЫНДАҒЫ ҚАЙЫН ЕНЕ МЕН КЕЛІН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІСІ

Қазіргі әлемде әртүрлі халықтардың тілдері мен мәдениетін зерттеу ерекше маңызға ие. Мәдениеттің маңызды аспектілерінің бірі - отбасы мен қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін көрсететін отбасы концептісі. Мақалада туыс емес тілдер, яғни қазақ, ағылшын, қытай паремияларының лингвомәдени қыры, оның ішінде қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі қайын ене мен келін арасындағы қарым-қатынасы зерделенді. Мақаланың өзектілігі бірнеше тілдегі отбасылық қатынас тақырыбындағы мақал-мәтелдерді салғастыра зерттеу болып табылады. Тіл білімінің этимологиялық әдісі арқылы үш тілдегі «ене», «келін» ұғымдарының мәні ашылды. Автор ағылшын және қытай лингвистикалық дәстүрін қазақ мәдениетімен отбасылық қатынастар аясында салғастырмалы, семантикалық талдау арқылы бірқатар ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтады. Лингвомәдениеттанымдық талдау үш тілдегі паремияларда ене мен келін қарым-қатынасының жағымды, жағымсыз компоненттерін айқындады. Зерттеудің жаңашылдығы қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану аясында қазақ, ағылшын, қытай паремиологиясы бойынша тың тақырыптың қозғалуында. Зерттеу нәтижелері лингвистер, мәдениет зерттеушілері және мәдениетаралық қатысым саласындағы мамандар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Кілт сөздер: паремия, отбасылық қатынастар, қайын ене, келін, лингвомәдениет.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тіл жүйесінің ең бай экспрессивті қабаты мақал-мәтелдерде ғасырлар бойы дүние жүзі халықтарының өмір салты, әдет-ғұрыптары туралы халық тұжырымдары сақталған. Паремиологияны кешенді көзқарасты қамтитын объектінің ерекше сипатына байланысты қазіргі тіл білімінің бірқатар филологиялық пәндерінің (фольклористика, фразеология, мәтін теориясы, тұжырым синтаксисі, лингвистикалық прагматика, лингвомәдениеттану, лингвокогнитология) түйіскен жері деп атауға болады. Қазіргі уақытта бұл ғылыми салада көптеген зерттеулер жүргізілуде, бірақ «паремия» ұғымының нақты анықтамасы жоқ. Оның мәнін дәлірек түсіну үшін ұғымның этимологиясын қарастырайық. «Паремия» гректің «пароемия» сөзінен шыққан, «астарлы әңгіме» (притча) дегенді білдіреді. Сөздің шығу тегінің библиологиялық нұсқасына сәйкес, ол бастапқыда христиандық діни мәтіндерден астарлы әңгіменің үзіндісін білдірген. Бұл астарлы әңгіме тұспалданған сипатта беріліп,

адамгершілік пен моральдық нұсқауларды қамтиды. Өткен ғасырдың басында паремия сөзі бастапқы мағынасын жоғалтып, қазір филологиялық, дәлірек айтсақ фразеологиялық терминге айналды [1, 3560]. Бірқатар заманауи зерттеулерде паремия термині халық афоризмдерінің әртүрлі класстарын, ең алдымен мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, жұмбақтарды ырымдарды және тағыда басқа формаларды білдіретін жалпы атау ретінде қолданылады. Бүкіл паремиологиялық бірліктердің ішінде әртүрлі дискурс түрлерінде ең көп қолданылатыны, сонымен қатар ең көп зерттелетіні мақал-мәтел болып табылғандықтан бұл мақала материалы ретінде саны жағынан да, сапасы, көркемдігі, тапқырлығы жағынан да ғажайып құбылыс - мақал-мәтелдер келтірілді. Жұмыр жерді мекендеген халықтардың, ел-жұрттардың, қай-қайсысының да ғасырлар бойы сұрыпталып, астарлы, ұлағатты даналық сөздері болатыны хақ. Тіл байлығының алтын қорынан саналатын мақал-мәтелдер өмір шындығын, халықтың тұрмыс-салты мен тіршілігін, психологиясын дәл де шебер, мәнді етіп бейнелеуімен құнды. Мақаламызда қазақ, ағылшын, қытай халықтарының рухани мұрасының бір бөлшегі - мақал-мәтелдері ақтарылып, сараға салынды.

Қазақ паремиологиялық жүйесінің зерттелу тарихының тамыры терең, Орхон-Енисей жазбалары, «Құтты білік», М. Қашқаридың орта ғасырда жазылған «Диуани лұғат ат түрік» шығармасындағы түркі халықтарына ортақ мақал-мәтелдерінен бастау алады, XIX-XX ғасырларда мақал-мәтелдерді халық аузынан жинақтап, этнолингвистикалық, құрылымдық, семантикалық зерттеулер қалдырған Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, Ә. Диваев, В. Радлов, М. Әуезов, М. Ғабдуллин, Б. Шалабаев, Б. Адамбаев, Ә. Қайдар, т.б. ғалымдарды атауға болады.

Паремиология ғылымының теориясының дамуына әлемдік деңгейге үлес қосқан ғалым Г.Л.Пермяков тілтанушылар, фольклоршы, философтардың мақал-мәтелге ерекше назар аударуын былайша түсіндіреді: бір жағынан тілдің бұл құбылысы фразеологизмдерге ұқсас, екінші жағынан пайымдаудың логикалық бірліктері, ал үшінші жағынан ақиқатты бейнелейтін жарқын, нақышты формадағы көркем миниатюра. 200-ден аса халықтың мақал-мәтелін зерттеген паремиолог Г.Л.Пермяков әртүрлі халықтардың паремияларының ұқсастығын оның логикалық мазмұнымен, шын өмірдегі құбылыстарға қатынасты көрсету сипатымен байланыстырды, ал айырмашылық мақал-мәтелдердің бейнелік құрылымында, жергілікті реалия мен ұғымдарда болатынын көрсетті. Паремиологтар әртүрлі халықтың мақал-мәтелдерінің ұқсастығын жөнінде әртүрлі жауап береді. Олардың кейбіреулері мақал-мәтелдердің ұқсастығын халықтардың этникалық және тілдік туысқандығымен, басқалары экономикалық және мәдени байланыстар есебінен енген кірме паремиялармен, қоғамдық дамудың сол кезеңдеріндегі тарихи тәжірибенің ұқсастығы мен «идеологияның біртектілігімен» түсіндіреді. Бір-біріне жақын халықтарда әртүрлі тіл семьясынан шыққан халықтарға қарағанда ұқсас мақал-мәтелдер көбірек болады, ал ғасырлар бойғы байланыстары бар көршілес халықтарда тікелей байланысы болмаған халықтарға қарағанда сөзбе-сөз сәйкес келетін мақал-мәтелдер көбірек. Және, әрине, таптық сараланған қоғамы болған халықтарда мүліктік теңсіздікті білмейтін кейбір артта қалған тайпаларға қарағанда ұқсас мақал-мәтелдер (кем дегенде бай мен кедей туралы) жиірек кездеседі [2, 20]. Сонымен Г.Л.Пермяковтың тұжырымдарын зерделей келе әлем тілдеріндегі мақал-мәтелдердің ұқсастық себептерін былайша тізбектеуге болады:

- Олардың логикалық мазмұны мен шын өмірдегі құбылыстарға қатынасы біркелкі болуы мүмкін.
- Ұқсастықтар халықтардың этникалық және тілдік туысқандығымен, экономикалық және мәдени байланыстарымен, тарихи тәжірибенің ортақтығымен түсіндіріледі.
- Бір-біріне жақын халықтарда (тіпті әртүрлі тіл семьяларынан шықса да) ұқсас мақал-мәтелдер жиі кездеседі.
- Кірме паремиялар: Көршілес халықтар арасындағы ұзақ тарихи байланыстар нәтижесінде сөзбе-сөз сәйкес келетін мақал-мәтелдер пайда болады.

Мақал-мәтелдердің ұқсастығын оның таралу ауқымы мен жылдамдығымен түсіндіруге болады. Бұл туралы әйгілі паремиолог Мидер: «мақал-мәтелдер, сол сияқты жұмбақтар,

анекдоттар, ертегілер, аспаннан түспейді, және ол халықтың мифтік жан дүниесінің туындысы емес. Керісінше оларды белгілі-бір адам арнайы немесе кездейсоқ ойлап шығарды. Бұл лорд Джон Расселдің атақты бір жолды мақал-мәтелге берген анықтамасында айтылғандай: Мақал-мәтел бір адамның ойының ұшқырлығы, көп адамның даналығы (1850). Егер бір пікірде ақиқат немесе даналық элементі болса және онда бір немесе бірнеше мақал-мәтелдік белгілер болса, оны «қағып алады» да, алдымен кішігірім отбасында, содан кейін ауылда, қалада, ауданда, елде, континентте, сайып келгенде, бүкіл әлемде қолданылуы мүмкін.. Мақал-мәтелдердің дүние жүзіне таралуы арман емес, өйткені кейбір көне мақал-мәтелдер шын мәнінде әлемнің көптеген жерлеріне тараған» [3, 9].

Қазақ паремиологы Ә.Қайдар мақал-мәтелдерді барлық тілдерде кездесетін, халық даналығы саналатын әмбебап құбылыс ретінде сипаттай келе, мақал-мәтелдердің пайда болу жолдары мен тәсілдерінде де барлық тілдерге ортақ ұқсастықтарды анықтады. Олар екі түрлі ішкі және тысқы - арна бойынша жасалып, өзара тоғысуы арқылы белгілі этностың біртұтас рухани байлығына айналған даналық сөздер. Олар ұлттық менталитеттің танымдық-тағылымдық мәні зор негіздерін құраушы күрделі құбылыс болып саналады.

Мақал-мәтелдер қорының «ішкі арнасы» деп отырғанымыз әрбір халықтың өзіне ғана тән рухани-мәдени өмір-тіршілігі мен өзіндік дүниетаным тәжірибесінен туындап, ұзақ тарихи даму барысында тұрақтанып, қалыптасқан даналық сөз қоры (яғни мақал-мәтелдер) болса, онын сыртқы арнасына ұзақ дәуірлер бойы аралас-құралас бірге жасап, біте қайнасып келе жатқан туыс, көрші халықтардың рухани өмірінен туындап, тілімізге енген ауыс-түйістер жатады. Сонымен қатар, әрбір халықтың өз меншігіне жататын, рухани мүмкіншілігіне қарай логикалық ойлау жүйесінен туындаған, өз тілінің болмысына сәйкес айтылып, қалыптасқан байырғы да төл даналық сөздерінің қоры болуы да заңды құбылыс. Сондықтан да әрбір тілдің осы ішкі мүмкіншілігі бойынша қалыптасқан тұрақты тіркес, мақал-мәтел, ақыл-нақыл түріндегі даналық сөз қорын, оның табиғатын танып-білудің де өзіндік белгілері болуы да заңды. Оған, мәселен, мақал-мәтелдердің аталмыш тілдік-логикалық жүйесі мен бейнелі негізінен басқа, ұлттық менталитеттің салт-дәстүрге, әдет-ғұрып, наным-сенімге, құндылықты анықтау мен дүниетанымға байланысты көптеген ерекшеліктері жататыны белгілі [4, 389].

КІРІСПЕ

Мақал-мәтелдер тақырыбы әр заманда да өз маңыздылығы және өзектілігін жоғалтқан емес, өйткені мақал-мәтелдер біртұтас мәдениетпен біріктірілген халықтың көзқарасын, дүниенің бейнесін, оның әртүрлі құбылыстар мен мәселелерге көзқарасын көрсетеді, әртүрлі мәселелер бойынша халықтың танымын бейнелі түрде тұжырымдап, бір тұтастыққа біріктіреді. Сондықтан мақал-мәтелдерді зерттеу халықтың мәдениетін, тарихын, дүниесінің тілдік бейнесін зерттеумен тікелей байланысты. Мақал-мәтелдер – халық даналығының айнасы, мақал өте ықшам болғанмен талай ғасырлардың тәжірибесіне тұнып тұр. Әлем халықтарының әрқайсысында мақал-мәтелдің мол қазынасы бары шүбәсіз. Адамзат тарихы бойына байланысқа ұшырамаған ұлттардың мақал-мәтелдері мағыналас келіп, кейде бірдей мақалдар да кездесіп жатады. Мағыналық жақындық көбіне тұрмыста көп қолданылатын адами қатынасты білдіретін мақал-мақалдарда кездеседі. Адами қатынастың бір тармағы туысқандық қатынас болса, қандас емес туысқандық қатынасқа қатысты паремиялар мақаламыздың зерттеу нысаны ретінде алынып отыр.

Паремиологияда ең көп таралған және ең көп зерттелген бірлік – мақал-мәтелдер. Қытай паремиологиясындағы зерттеулерге тоқталатын болсақ, 1950 жылдары бастау алып, 1980 жылдары қытай ғалымдары мақал-мәтелдердегі әйел концептісін зерттеумен айналыса бастады. Әйелдердің мәртебесі көтерілген сайын әйелге туралы мақал-мәтелдерге қызығушылық танытқан ғалымдар көбейе бастады. Қытайдың ұлттық білім инфрақұрылымы (CNKI) мәліметі бойынша 1987–2021 жылдар аралығында 71 әйел тақырыбына арналған лингвистикалық зерттеулер жарияланған. Қытай ғалымдарының зерттеулері негізінен қытай

және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі әйел концептісін салыстыруға бағытталған, бұл тақырыпта жалпы санның 19,7% құрайтын 14 мақала жарық көрген [5].

Ағылшын паремиологиясын зерттеу көне ғасырлардан басталып, байыпты зерттеулер Н.Барли, А. Дундэс, М.Кууси, У. Мидер, А.Тэйлер есімдерімен белгілі. У. Мидер 50-ден астам мақалға берілген анықтамаларды жинақтап, негізгі анықтаманы берді: «A proverb is a short, generally known sentence of the folk which contains wisdom, truth, morals, and traditional views in a metaphorical, fixed and memorable form and which is handed down from generation to generation» (Мақал-даналық, шындық, адамгершілік және дәстүрлі көзқарастар метафоралық, тұрақты және есте қаларлық түрде көрінетін және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін қысқа, жалпыға белгілі халықтық сөйлем). Ағылшын мақал-мәтелдерін қазақ тілі мақал-мәтелдерімен салыстыра зерттеу, аударма мәселелері сөздіктер құрастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде (Ү.Кеңесбаева «Ағылшын халқының мақал-мәтелдері» 2004).

Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді зерттеу мына бағыттар бойынша жүргізіліп келеді: 1) тілішілік, бір тіл аясындағы зерттеулер; 2) туыс тілдерді салыстыра талдау; 3) туыс емес тіл бірліктерін салыстыра қарастыру 4) мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық қырын зерттеу; 5) қолданбалы мақсаттағы зерттеулер.

Отандық тіл білімінде паремиология төңірегіндегі зерттеулер жеткілікті болғанымен қазақ және қытай тілдері мақал-мәтелдерін лингвомәдени тұрғыда зерттеу жұмыстарының аздығы байқалады. Қытай тіл білімінде қазақ-қытай мақал-мәтелдерін салыстырмалы лингвистика аясында зерттеп жүрген Қытай ғалымы Чэн Шисюньді ерекше атауға болады, ғалым 汉语谚语对比研究 (Қытай-қазақ мақал-мәтелдерін салыстыра зерттеу, 2016) [6] еңбегінде бұл саладағы зерттеулердің маңыздылығына тоқталған: «Қазақ-қытай паремияларын зерттеу тек тіл құрылымындағы ғана емес, тіл, ойлау, мәдениетпен байланысты кешенді зерттеулерді қамтиды, бұл тіл оқыту, мәдениетаралық қатысым, лингвистикалық зерттеулер салаларында үлкен маңызға ие. Сонымен қатар, қазақ-қытай мақал-мәтелдерін зерттеу барысында екі тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтары ажыратылады, нәтижесі салыстырмалы лингвистика, паремиология ғылымдарының дамуына ықпал етіп, терең зерттеулерге жол ашады» [6, 7]. Отандық тіл білімінде тіл-тілдегі паремиологиялық жүйені салыстыра-салғастыра зерттеуге арналған жұмыстар қатарының толығып келетінін байқауға болады, оның ішінде қазақ-қытай лингвомәдениеті (Дәулет Ф., Оразақынқызы Ф), қазақ, ағылшын фразеологиясы (М.А. Сыздықова, Ж.К.Өмірәлиева, М.Р.Есімжанова) аясында құнды зерттеулер жүргізіліп келеді. Дегенмен, мақал-мәтелдердегі ене мен келін қарым-қатынасы тақырыбы қазақ тіл білімінде бөлек концепті немесе фрейм ретінде қозғалмай, тек ішанара «әйел» концептісі аясында ғана қарастырылды.

Екі немесе одан көп тілдерді салғастыра зерттеу қолданылатын дәстүрлі контрасттық талдаудың мақсаты тіл құрылымының барлық деңгейіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау болатын. Алайда мақсаты әлем халықтары тілдерін олардың мәдениеті призмасы арқылы ұлттық тілдік сананың әмбебап сипатын зерттеу болып табылатын салғастырмалы лингвомәдениеттанудың пайда болуымен байланысты ғалымдардың мүддесі өзгере бастады. Тілдің фразеологиялық қорларына салыстырмалы лингвомәдени талдау әлем бейнесінің белгілі бір бөлігінің дүниетанымының ерекшеліктері мен мағынасын анықтаудан тұрады. Сондықтан зерттеушілер бірнеше тілдің паремияларын зерттеу нәтижесінде белгілі-бір тілдің бірегейлігін ғана емес, семантикалық ортақтықты, тіл мен мәдениеттің жанасқан нүктесін анықтауға тырысады [7]. Осы орайда мақаланың мақсаты әртүрлі жүйелі қазақ, ағылшын қытай тілдеріндегі қайын ене мен келінге қатысты паремияларының ортақ тұстарын, ерекшеліктерін анықтау, мәдени аспектілерін ашу болып табылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мақал-мәтелдер әр ұлттың мәдениетінде кездесетін әр заманның құндылықтарын сипаттайтын қысқа, әрі мағынасы терең құбылыс ретінде тіл білімінің салаларында әр тұрғыдан зерттеліп келеді. Оның ішінде мақал-мәтелдердегі «әйел» концептісі төңіріндегі когнитивтік, гендерлік лингвистика саласында зерттеулер жүргізілуде. Зерттеу жұмысында туыс емес, мәдениеті ұқсамайтын қазақ, ағылшын және қытай тілдеріндегі ене мен келінге қатысты мақал-мәтелдерге этнолингвистикалық талдау жасалынды. Мақаланың ғылыми жаңалығы қайын ене мен келін қарым-қатынасының бір-біріне ұқсамайтын қазақ, ағылшын, қытай лингвомәдениеттеріндегі көрінісін зерттеудің алғашқы тәжірибесі болуында. Бұл орайда қытай ғалымдарының қытай-қазақ, қытай-ағылшын мақал-мәтелдерін салыстырмалы тіл білімі аясындағы зерттеулерін, оның ішінде Іле педагогикалық институтының ғылым кандидаты Чэн Шисюньнің 汉语谚语对比研究 (Қытай-қазақ мақал-мәтелдерін салыстыра зерттеу)(2016) [6] еңбегін атап өтуге болады. Мақала материалы ретінде қазақ, ағылшын, қытай мақал-мәтелдер жинақтары қолданылды. Жоғарыда көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін бірқатар зерттеу тәсілдері таңдалды. Зерттеу барысында паремиялар алдымен тарихи-этимологиялық талдау тәсілі арқылы зерделенді. Тарихи-этимологиялық талдау қарастырылып отырған мақал-мәтелдің ұлттық ерекшелігін көрсетіп, оның сол тілдегі өзіндік ерекшелігі туралы мәлімет беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар паремияларды сипаттауда салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдениеттанымдық талдау жасалды. Салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдениеттанымдық талдау арқылы паремиялардың тек тілдік ерекшеліктері ғана емес, сонымен қатар олардың мәдениеттегі орны, тарихи контексті және қоғамдағы рөлі анықталады. Бұл әдіс әртүрлі мәдениеттердің өзара түсіністігін арттыруға және олардың ортақ құндылықтарын ашуға мүмкіндік береді.

НӘТИЖЕЛЕР

Белгілі ғалым Маслова В. бойынша лингвомәдениеттану тірі коммуникативті процестерді – оларда қолданылатын тілдік өрнектердің халықтың мәдениеті мен менталитеті арасындағы байланысты, яғни олардың бұқаралық санасы, дәстүрі, әдет-ғұрпы, т.б. зерттейді. Құндылықтар мәдениеттегі ең жоғарғы бағдар бола отырып, тілдік тұлға құрылымында маңызды орын алады. Құндылықтар тілдік тұлғаның әлемді сипаттайтын тандауларының негізінде жатыр. Материалдық, әлеуметтік-саяси және рухани құндылықтарды ажыратуға болады. Әрбір халық үшін басқа мәдениеттерде ішінара қайталанатын, бірақ басқа конфигурацияда болатын иерархиялық ұйымдастырылған құндылықтар жиынтығы бар. Олардың көпшілігі тілде – сөздерде, фразеологиялық бірліктерде, мақал-мәтелдерде т.б. сақталған [8, 100].

Мындаған мақал-мәтелдерді құндылықтар бойынша мағыналы жүйеге келтіру маңызды лексикографиялық мәселе. Матти Кууси (1914-1998) және кейіннен оның қызы Оути Лаухакангас адам өмірінің негізгі аспектілерін қамтитын 13 негізгі тақырыптан тұратын мақал-мәтелдерді жіктеудің халықаралық жүйесін құрды:

1. Табиғат туралы практикалық білім
2. Сенім және негізгі көзқарас
3. Негізгі әлеуметтік-логикалық бақылаулар
4. Әлем және адам өмірі
5. Өлшем сезімі
6. Мораль түсінігі
7. Әлеуметтік өмір
8. Әлеуметтік өзара іс-қимыл
9. Коммуникация

10. Келісімдер және нормалар
11. Әлеуметтік ұстаным
12. Қабілет және үйрену
13. Уақыт

Бұл 13 тақырып 52 классқа бөлінді, оның ішінде әлеуметтік өмір тақырыбына туыстық қатынас, даму-адамның шығу тегі, бала, ер және әйел, неке, жастық және кәрілік, денсаулық, өлім деп аталатын 8 классқа бөлінді. 52 класс 325 субтопшаға бөлінді, бұл адам ойлауының әмбебаптығын немесе архетиптерін анықтауға бағытталған өте күрделі жіктеу жүйесі. Өзінің зерттеулерін әлем мақал-мәтелдердің үлкен салыстырмалы дерекқорына сүйене отырып, Кууси әртүрлі халықтардың ұқсас мақал-мәтелдерін зерделеп, оларды ортақ идеясы бар жаһандық әмбебап мақал-мәтелдер идеясын алға тартады [3, 17]. Мақаламызда Куусидің классификациясы бойынша «әлеуметтік өмір» тақырыбының туыстық қатынас классына жататын ене мен келін қарым-қатынасын көрсететін мақал-мәтелдердің әмбебап және ерекше тұстарын қарастырдық.

Қай халықта болмасын ене мен келіннің қарым-қатынасы ерте заманнан бері отбасыдағы ең ерекше күрделі қатынас. Ал паремиялар отбасылық өмір салты, дәстүрі мен әдет-ғұрпы туралы халықтық түсініктерді бейнелеп, когнитивтік әлеуеті жоғары, мәдени тәжірибе мен білімді жеткізуші фольклордың саласы болғандықтан, зерттеуімізде әртүрлі халықтардың ене мен келін арақатынасының ұлттық сипатын көрсетуге тырыстық. Лингвомәдени талдау мақал-мәтелдердің ішкі формасына үңілуді меңзеді, ішкі форма мақал-мәтелдің тікелей сөзбе-сөз мағынасы, оның құрамдас бөліктерінің мәндерінен және олардың байланыстан шығады. Қазақ, ағылшын, қытай тілдеріндегі ене мен келінге қатысты мақал-мәтелдерді салғастырмалы-семантикалық және лингвомәдениеттанымдық талдау арқылы тілдік санадағы ортақ элементтер шығарылды, сонымен қатар айырмашылықтар да анықталды. Үш лингвомәдениеттегі ене мен келін дәстүрлі қарым-қатынастарының ортақ белгілері: 1) ене мен келін арасындағы шиеленіскен қарым-қатынас; 2) жақсы ене бейнесі. Яғни паремияларды зерттей келе, ене мен келін арасындағы күрделі қатынас тек қазақ халқына ғана тән емес, ағылшын, қытай лингвомәдениетіне де тән құбылыс екенін байқауға болады. Үш тілдің мақал-мәтелдерінде де жағымды ене бейнесі кездеседі, сондықтан әр лингвомәдениетке тән ене бейнесінің әмбебап және ерекше белгілерін айқындауға тырыстық.

Генеалогиялық тұрғысынан алғанда бір-бірімен туыс емес халықтар арасындағы этникалық ұқсастықтар мен айырмашылықтар әр халыққа ғана тән дүниелердің тілдік бейнелерінен көрінеді. Әртүрлі мәдени ортада қалыптасқан әр түрлі ұлттар қоршаған ортаға, табиғат құбылыстарына, болмыс ақиқаттарына, ойлау, пайымдау, әдет-ғұрып, ырымдар мен тыйымдар сияқты жалпы адамзатқа тән кейбір ортақ ұғымдар мен құндылықтарды біріктіреді [9, 59].

Ағылшын паремияларына қарағанда қазақ және қытай паремияларының ұқсас тұстары көбірек айқындалды: 1) келін тәрбиелеудегі ененің рөлі; 2) келіннің енеге деген сыйластығы; 3) жақсы келін, жаман келін бейнелері. Айталық қазақ мақал-мәтелдеріндегі ене тәрбиесі тақырыбы қытай мақал-мәтелдеріне де тән. Қазақ және қытай паремияларында ене мен келін сыйластығының мәні ерекше, екі халықта да отбасыдағы береке-бірліктің тұтқасы ене мен келіннің қолында.

Зерттеу барысында ағылшын паремияларында мақаламызға арқау болған ене мен келін тақырыбының сол халықтың өзіне тән мәдениетіне, отбасылық дәстүрлеріне, тарихи-әлеуметтік факторларға байланысты аз кездесетінін байқалды. Ал туыс емес қазақ және қытай тілдеріндегі ене мен келін тақырыбындағы паремияларының көбірек болуын, және ортақ тұстарының анықталуын, Г.Л.Пермяков бойынша саяси, географиялық, мәдени байланыстардың ықпалы ретінде түсіндіруге болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Қандай да бір тілдің паремиологиялық қоры сол халықтың мәдениеті, ұлттық танымы ерекшеліктерін анықтауда лингвомәдени құнды материал болғандықтан, әртүрлі халықтардың мақал-мәтелдерін зертеу ұлттық құндылықтар жүйесін, этикалық қағидалары мен психологиясын түсінуге жол ашады. Лингвомәдени зерттеу нәтижесінде универсалды және ерекше ұлттық құбылыстар байқалады.

А.Е.Карлинскийдің «мақал-мәтелдер басқа тілдік бірліктерге қарағанда этностың тілдік суретін, тарихы мен ұлттық- мәдени құндылықтарын толық бейнелейді және бекітеді» – деген тұжырымына сәйкес қазақ, ағылшын және қытай паремияларындағы ене-келін қарым-қатынасын зерделеп көрейік [10]. Алдымен қазақ тіліндегі «ене» сөзінің түсіндірмесін анықтауда әртүрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, қазақ тіліндегі көне сөздерді, кірме сөздерді, аймақтық және ақпараттық технологиялардың даму кезеңіндегі жаңа технологиялық сөздердің мағынасын көруге мүмкіндік беретін платформа - Sozdikqor.kz порталына сүйендік: 1. этн. Ерлі-зайыптылардың шешелерін білдіретін туыскандық атау. Бұл кісі мына Шолпанның мамасы, менің е н е м деп таныстырды (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Қынай е н е с і м е н бірге тұрады (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Е н е н болмаса да, инең болсын [Мақал]. Орынсызға сөз қатып, Күнәға батпа, келіншек! Байыңнан бұрын төсекке Өзің жатпа, келіншек! Үй басына қидырып, Өсек айтпа, келіншек! Рас сөзді өзгертіп, Жалғанға сатпа, келіншек! Атаң, е н е н жұмсаса, Бола көрме еріншек! (Ә.Найманбаев, Шығ.). -Сауыр етіктің табаны талда болса, Қырық кісінің ақылы ханда болса. Сірә, еркіңе қоймаймын, жан е н е к е, Қайнымның тұрысын айт, әлде болса (Қозы Көрпеш.). 2. Аң, мал төлінің аналығы. Е н е с і н жақсы азықтандырған меринос қозылар есейгенде жүнді де көп береді (Шопан кітабы). Мүмкіндігінше е н е с і жарытпаған қозыларға қой сүтінің орнына сиырдың уызын қолданса да болады («Лен. жас»). Е н е с і тепкен құлынның еті ауырмас (Мақал). 3. көне. Баланың анасы, шеше. Алып туар е н е д е н, Ат туады биеден, Сұрағаның дұрыс қой, Сынағаның мақұл ғой. Сіз деген сөзден, Меңлібай, Сен деген сөзім жақын ғой. Ежелден сенің ақынға Құрдастығың батыл ғой (Бақтыбай ақын, Жел қобыз.). Е н е д е н екеуміз. Бірақ екеуміз екі түстіміз. Заты жат жаралған дегенің болмаса, менен Қамар артық (Д.Әбілев, Ақын.). Тілеміс е н е д е н қағына туып, он үш жасынан ұрлыққа араласады (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). 4. ауыс. Асыраушы, өсіртіп-өндірген жеткізуші, өмір, азық көзі. Ертіс даңқы елге аян. Ертіс -ен даланың ежелгі е н е с і (І.Жансүгіров, Әңгім.) [11]. Аталмыш порталдағы «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында қайын ененің маңызды рөлі көрсетілген: «Қайын ене неке-отбасылық қатынаста әйелдің күйеуінің анасына және күйеудің әйелінің анасына қатысты айтылатын туыстық атау. Қайын атаның беделі қандай болса, қайын ененің де рөлі соншалықты болған. Қалыптасқан әдет бойынша, келін ешуақытта қайын енесінің атын атамай апа немесе ене деген. Қайын ене жаңа түскен келінді үйдің тұрмыс-тіршілігінің қыр-сырымен таныстырып, жаңа ортаның өзіндік қағидасына бейімдеп тәрбиеледі. Осыған байланысты халық арасында келін қайын ененің топырағынан жаралған деген мақал қалыптасты. Күйеудің де қайын енеге деген ізеті құдалықтан бастау алып, қайын енесіне қызын тәрбиелеп өсіргені үшін арнайы сыйлық сұтақы беруден басталды. Күйеу қайын енесіне өз анасындай құрмет көрсеткен» [11]. «Қайын» сөзі араб тілінің «қайым» сөзінен шыққан біреудің орнына тұрған, біреудің орнын басқан деген мағынаны білдіреді. Демек, ене қыздың өз анасының орнын басқан, оның екінші анасы дегенге саяды.

«Келін» лексемасының түсіндірмесі: 1. Ұлдың әйелі, келіншегі. 2. Інісінің, сондай-ақ жасы кіші басқа ағайын-туғандардың әйелі. Э.В. Севертянның этимологиялық сөздігінде «келін» түрік тілінің «gelin» сөзінен бастау алады, яғни «тұрмысқа жаңа шыққан» немесе «жас келіншек» деген ұғым беретінін айтады [12,17].

Ағылшын тіліндегі қайын ене сөзі этимологиялық сөздікте: mother-in-law (n.) late 14c., «moder-in-laue», mother of one's spouse, from mother (n.1) + in-law. Also in early use, «stepmother». Бұрын mother-in-law сөзінің орнына stepmother яғни өгей шеше лексемасы қолданылған. Бұл жерде өгей шеше stepmother сөзінің этимологиясына үңілетін болсақ, протогермандық steupa- (ұру, соғу дегенді білдіретін) сөзінен шыққан, өгей шеше лексемасының негативті реңі mother-in-law сөзінің жағымсыз коннотациясына ұласқан болу керек. Ал in-law құрамдық бөлігіне келетін болсақ, өткен ғасырлардағы канондық құқық негізінде некелесуге тыйым салынған туыстық атаулар құрамында кездесетін болған.

Ағылшын тіліндегі келін сөзі этимологиялық сөздікте: Daughter-in-law is attested from late 14 c. Earlier was sonnes wif (early 14 c.), earlier still snore, from Old English snoru, cognate with Old Norse snör, archaic German Schnur, from PIE root snuso- (source also of Sanskrit snuṣa-, Greek nyos, Latin nurus (itself the source of Old French nuere, Spanish nuera), Old Church Slavonic snŭcha, Russian snocha), which is of uncertain origin [13]. Daughter-in-law сөзінің шығу-тегі белгісіз, бірнеше нұсқалары бар: көне ағылшын тілінің snoru, Санскрит тілінің snuṣa-, орыс тілінің snocha сөздерімен түп-төркіні бір болуы мүмкін.

Қытай тілінде ене сөзі 婆婆 pópó, 婆母 póumǔ туыстық атаулары әйел адамның күйеуінің анасына қатысты, 岳母 yuèmǔ ер адамдың әйелінің анасына қатысты қолданылады. Қытай тіліндегі келін сөзі 媳妇 xífù немесе 儿媳妇 érxiǔfū.

Қазақ паремиологиялық қорындағы келінге қатысты мақал-мәтелдерді семантикалық талдау арқылы келесі компоненттер анықталды

Мақал мәтелдердегі келін бейнесі амбивалентті түрде көрсетілген, жақсы келін-жаман келін образы әмбебап халықаралық мәнге ие. Қазақ паремияларында үй іші берекесін келінмен байланыстырып, үлкен жауапкершілік артады:

«Жақсы келін — келін, жаман келін — өлім».

«Келін жақсы болса үйіңе көп кісі келеді.

Келін жаман болса, келген кісі кеткісі келеді.

Ас құй десең төккісі келеді,

Төкпей құй» десең сөккісі келеді» (Шал ақын).

«Қайын енесі ас ішпес қабағын түйген келіннен».

Сонымен келін дүниенің паремиологиялық бейнесінде әртүрлі келбетте көрінеді, жақсы да, жаман болуы мүмкін, бірақ келінге енені құрметтеп, кішіпейіл болу талап етіледі.

Дүниенің паремиологиялық бейнесінен қандас емес туыстар – ене мен келін қарым-қатынасының басым түрде жағымсыз маркерлеген компоненттер алынды. Әсіресе ағылшын тіліндегі паремияларда енесі жоқ келін бақытты келін ретінде сипатталады:

Mother-in-law and a daughter-in-law are a tempest and hailstorm (Ене мен келін – дауыл мен бұршақ)

«*She is well married who has neither mother-in-law nor sister-in-law by her*» (енесі мен қайынсіңлісі жоқ келін бақытты);

Happy is she who marries the son of dead mother (Шешесі өлген жігітке шыққан қыз бақытты).

Mother-in-law and daughter-in-law can be cooked together but they will never be tender. (Ене мен келінді бірге пісіруге болады, бірақ жұмсақ болып піспейді).

No house was ever big enough for two women (Бір үйге екі әйел сыймайды)

Ал қазақ паремияларында ененің анадай болмайтыны, келіннің жақсы болуы келген жерінің жақсы болуына байланыстылығы айтылады:

«Қанша жақсы болса да, ата әкемдей болмас, ене шешемдей болмас».

«Қазымыр ененің қарақұсында көзі бар».

«Келін жаман емес, келген жері жаман».

«Жақсы ауылға келген келін — келін, Жаман ауылға келген келін — келсап».

«Ұлттың жауы диуана, Келіннің жауы кейуана».

Ене мен келін арасындағы қарым-қатынас ерлі-зайыптылар, ағайындар және басқа туыстар арасындағы қарым-қатынасты реттейді. Дұрыс қарым-қатынасты құру отбасылық келісімге ықпал етеді, керісінше болған жағдайда отбасыда жанжал тудыруы мүмкін. Бүкіл отбасының тұрақтылығы мен өркендеуі ене мен келін арасындағы жарасымдылыққа тікелей байланысты. Қытай паремияларында да отбасыдағы үйлесімділіктің, сыйластықтың тек қана келінге емес, енеге де байланыстылығы бейнеленеді.

孝顺公婆自有福, 勤种田头自有谷 xiào shùn gōng pó zì yǒu fú, qín zhòng tián tóu zì yǒu gǔ
(Ата-енеңді сыйласаң, бақыт келер, тынбай еңбек етсең, егін мол болар)

要得家庭和, 媳妇敬婆婆 yàodé jiāting hé, xífù jìng pópo (Отбасың тыныш болсын десең, енеңді құрметте).

好女两头遮, 遮了娘家遮郎家 hǎo nǚ liǎng tóu zhē, zhē le niáng jiā zhē láng jiā
(Келін қайын жұрт пен төркіннің жамандығын жасырып, жақсылығын асырады).

家庭和不和, 要好婆婆 jiāting hé bùhé, yào gè hǎo pópo (Отбасыдағы берекет жақсы енеге байланысты).

小要贤, 老要爱, 媳妇要当女儿待 xiǎo yāo xián, lǎo yào ài, xífù yào dāng nǚ'ér dāi (Кішіге ізет, үлкенге құрмет, келінге өз қызыңдай қарау керек).

自古婆媳和谐少 zì gǔ pó xí hé xié shǎo (Ерте заманнан бері ене мен келін арасында жарасымдылық болмайды).

Жоғарыда келтірілген қытай мақал-мәтелдерінен отбасыдағы үйлесімділік пен тыныштық енеге байланыстылығы айтылса, қазақ халқында келінге үлкен үміт артып, бүкіл әулеттің ырысы, құтына балайды.

«Балаң жаман болса да, келінің жақсы болсын».

«Келіні жақсы үйдің керегесі алтын».

«Әдепті келін — ауылдың көркі».

Қазақ және қытай паремияларының арасынан семантикалық тұрғыда бірдей, балама мақалдар да кездеседі. Шығыс халықтарында келінге айтылатын мін болса, оған тура айтылмай, жұмсақ, жанама түрде жеткізілген. Қызым саған айтам, келінім сен тыңда деп ата-енесі өз қыздарын тәрбиелеу арқылы, келінге де тәлім-тәрбие беріп отырған.

对着女儿讲, 是让媳妇听 duì zhenǚ'ér jiǎng, shì ràng xífù tīng (Қызым саған айтам келінім сен тыңда).

«Жақсы енені жаман келін жер қылады, жақсы келін жаман енені ел қылады» деген қазақ паремиясына логикалық жақын 好媳妇不怕恶公婆 hǎo xífù bù pà è gōng pó [14](Жақсы келін жаман ененен қорықпайды) паремиясы екі ұлттың тілдік санасындағы ұқсастықтың көрінісі.

Жағымды ене бейнесі үш тілдегі паремияларда кездеседі, ағылшын паремиологиялық әлем бейнесінде жақсы ене ол жомарт ене.

There is nothing better than a rich wife and a generous mother-in-law (Бай әйел мен жомарт ененен артық ештеңе жоқ).

Қазақ және қытай паремиологиялық қорында келін тәрбиелеудегі ененің рөліне айрықша көңіл бөледі, келіннің ененен үйренері көп, бүгінгі келін ертең ене атанып, келін тәрбиелейтіні өмір заңдылығы:

«Баланы жастан,

Келінді бастан тәрбиеле!»

«Жақсы ененің келіні жақсы».

«Келін қайын ененің топырағынан жаралады».

«Ене көрген тон пішер».

严多年的媳妇熬成了婆 Yán duōnián de xífù áo chéngle pó (Көп жыл келін болған келін қайнап, пісіп ене болар) деген қытай мақалында бұрынғы уақыттарда келін көп жыл келіндік қызметтен кейін ғана, әбден пісіп (熬áo пісіру), ширап, өз билігі өзінде болатындай дәрежеге жететіндігі айтылады. Демек, мақал-мәтелдердің халық тәжірибесі бейнелеген шаруашылық,

рухани-адамгершілік құндылықтардың, адамдардың отбасындағы қарым-қатынастарының әдеп нормалары сақталғандығын байқауға болады.

Ененің келінге көңілі толмау шағымдануы, немесе келіннің енеден жамандық көріп шағымдануы қытай паремияларынан көрініс табады:

河埠头讲婆母, 念佛堂讲媳妇 hé bù tóu jiǎng pó mǔ, niàn fú táng jiǎng xī fù (Су жағасына кір жууға келген келін енесін айыптайды, жибадат жасауға келген ене келінін айыптайды).

没媳妇东托西托, 有媳妇东哭西哭 Mèi xīfù dōng tuō xī tuō, yǒu xīfù dōng kū xī kū (Келінді түсіргенше батыстан, шығыстан келін іздейді, келінді түсіргеннен кейін батысқа, шығысқа арыз айтады).

Қытай паремияларында ене мен келіннің бір-бірін даттауға құмар екендігін көруге болады. Ал қазақ паремияларында тек қана келіннің жат қылықтары сөзге тиек болады:

«Ұрысқақ болса, ұлың жау,

Керіскек болса, келін жау».

«Отқа келген келіннің

Отыз ауыз сөзі бар».

«Келін – келін, келін – бақ,

Келмей жатып, сөзін бақ».

Индивидуализм мен коллективизм белгілері халықтың дүниетанымында, мінез-құлқында, тіпті халық мақал-мәтелдерінде де көрініс табады. Халық ауыз әдебиетінің бір бөлшегі болған мақал-мәтелдер ата-бабаның өнегелі ой-пікірлерін, дәстүрлі даналығын, танымын жеткізуші құрал ретінде қарастырылады. Бұрын жеке санада пайда болған мақал-мәтелдер уақыт өте келе қоғамдық сананың бір бөлігіне айналды. Халықтық сананы білдіре отырып, олар халық пен оның тәжірибесінің, дүниетанымының, мәдени-рухани құндылықтарының айна бейнесі ретінде қалды. Демек, олар арқылы ұлттық сипатты анықтау орынды [15]. Қазақ және қытай паремияларында ене мен келін фреймі көп кездесетіндігін, ағылшын паремияларында аз кездесуін әр ұлттың дүниетанымына сай, ене мен келіннің бірге тұру-тұрмау мүмкіндігіне байланысты түсіндіруге болады. Қазақ және қытай мақал-мәтелдеріне коллективизм белгілері басым келіп, ұқсас болғанымен, әл елдің мәдениетіне байланысты ерекше ұлттық сипатқа ие. Төмендегі кестеден қазақ, ағылшын, қытай халықтарының танымындағы ене мен келін бейнесі және олардың әлеуметтік рөліне байланысты үш халыққа ортақ құндылықтары анықталып, әр халықтың паремияларында өзгеше құбылыстар көрсетілген.

1-кесте. Қазақ, ағылшын, қытай паремияларындағы ене мен келін қарым-қатынасының көрінісі

№	Мақал-мәтелге тірек болған негізгі ойлар	Қазақ мақал-мәтелдері	Қытай мақал-мәтелі	Ағылшын мақал-мәтелі
1	Жақсы келін	+	+	+
2	Жаман келін	+	+	+
3	Жақсы ене	+	+	+
4	Жаман ене	+	+	+
5	Ене келінді тәрбиелейді	+	+	
6	Келін енені сыйлау керек	+	+	
7	Ене келінге шағымданады		+	
8	Келін енеге шағымданады	+	+	
9	Қызым саған айтам, келінім сен тыңда	+	+	
10	Келін де ене болар	+	+	
11	Келінді қызындай көру	+	+	
12	Отбасының берекеті келінге байланысты	+	+	
13	Отбасының берекеті енеге байланысты		+	
14	Ене мен келін арасындағы шиеленісті қатынас	+	+	+
15	Жомарт ене			+

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақалада қолданылған лингвомәдениеттанымдық тәсіл қазақ, ағылшын және қытай паремиологиялық қорындағы отбасылық қатынастарға байланысты ортақ тұстар және ұлттық ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Қай халық болмасын, адамзат үшін отбасының, отбасылық қатынастардың алатын орны ерекше. Отбасылық қатынастарға қатысты мақал-мәтелдер тарихи, этнографиялық, мәдени мәнмәтінмен ұштасып, халық менталитетінің ерекше тұстарын айқындайды. Мақалада мақал-мәтелдер ұлттық болмыстың ерекшелігін көрсететін лингвомәдени бірлік тұрғысында қарастырылды. Қазақ, ағылшын, қытай тілдері әртүрлі генеалогиялық топқа кіргендіктен әртүрлі әлемнің тілдік бейнесін көрсетеді. Алайда үш лингвомәдениеттегі паремиологиялық қордың мәдени маркерлеген аспектілерін зерттеу арқылы ортақ белгілер анықталды. Ағылшын паремияларынан батыс мәдениетіне тән индивидуализм басым болса, қазақ және қытай мақалдарында шығыс мәдениетіне тән коллективизм байқалады. Атап айтқанда, ене мен келін арасындағы шиеленісті қатынас үш мәдениетке де тән құбылыс екендігі көрсетілді. Түркі халықтарына ортақ «Қызым, саған айтам, келінім сен тыңда» мақалының қытай паремиологиялық қорында да орын алуы туыс емес тілдер паремияларының ұқсастықтарының айқын көрінісі. Зерттеу нәтижелері лингвистер, мәдениет зерттеушілері және мәдениетаралық қатысым саласындағы мамандар үшін пайдалы болуы мүмкін. Мақалада паремиялардағы туыстық қатынастың бір тармағы ғана қарастырылды, әлі де аз зерттелген адами қатынастардың паремиялардағы көрінісін тіл білімінің заманауи әдістерін қолдана отырып тереңірек зерттеу болашақтың еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Захарова Л. Б., Захарова Е. В. Дефиниция и классификация паремий в русском и испанском языках // Филологические науки. Вопросы теории и практики 2021. Том 14. Выпуск 11. С. 3560-3564.
- 2 Пермяков Г.Л. Основы структурной паремиологии. М.: Наука, 1988. – 236 с.
- 3 Mieder W. Proverbs : a handbook. Greenwood Press, 2004. – 304 p.
- 4 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. -Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.
- 5 Huang B., Kamensky M. Stereotypes of female family roles in chinese and english proverbs // Synergy of Languages & Cultures 2022: Interdisciplinary Studies; St Petersburg State University, 2023, P. 240-255.
- 6 成世勋., 汉哈谚语对比研究。北京:知识产权出版社, - 288 页Cheng Shixun [A comparative study of Chinese and Kazakh proverbs], [Beijing: Intellectual Property], – 288 p.
- 7 Бредис М.А., Димогло М.С., Ломакина О.В. Паремии в современной лингвистике: подходы к изучению, текстообразующий и лингвокультурологический потенциал // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. 2020. – Т. 11. № 2. – С. 265-284. doi: 10.22363/2313-2299-2020-11-2-265-284
- 8 Маслова, В. А. Основы современной лингвистики. – Витебск, 2018. – 221 с.
- 9 Mussa-Akhunov A., Essenova K., Suambekova G., Imatayeva A., & Osmanova Z. Linguistic and cultural expression of the macro concept of “family” in Kazakh-Dungan proverbs // International Journal of Society, Culture & Language – 2024. -12(1), – P. 56–70. doi: 10.22034/ijscsl.2023.2011596.3170.
- 10 Карлинский А.Е. Место паремиологии в науке о языке // Избранные труды по теории языка и лингводидактике. Алматы, 2007. – 308 с.

- 11 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: РПК "Слон" DPS, 2012. – 736 б.
<https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=89>
- 12 Севортян, Э.В. Этимологический словарь тюркских языков (В,Г,Д). Москва. – Издательство Наука, 1978. – 392 с.
- 13 Online Etymology Dictionary. https://www.etymonline.com/word/mother-in-law#etymonline_v_18413
- 14 张璐. 俄汉谚语中女性形象的对比研究. 哈尔滨工业大学硕士论文. 哈尔滨, 2018. 87 页.
Zhang Lu, [A comparative study of female images in Russian and Chinese proverbs]. [Master's thesis of Harbin Institute of Technology], Harbin, 2018, – 87 p.
- 15 Makhsudova N.A. Uzbek Proverbs and National Character // EPRA International Journal of Research and Development, – 2023. – 8(12).

Материал 31.08.2024 баспаға түсті

Лингвокультурный аспект взаимоотношений свекрови и невестки в казахских, английских и китайских паремиях

К.Б. Дуйсенова¹, А.Е. Сарбасова¹, Е.В. Алешинская²

¹Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, Ақтобе, 030000, Республика Казахстан

²Национальный исследовательский ядерный университет МИФИ, Москва, 115409, Российская Федерация

В современном мире изучение языков и культур разных народов приобретает особое значение. Одним из важнейших аспектов культуры является концепт семьи, которая отражает особенности взаимоотношений семьи и людей в обществе. Актуальность статьи заключается в сравнительном исследовании пословиц на тему семейных отношений в нескольких языках. В статье рассматривается лингвокультурологический аспект паремий неродственных языков, казахского, английского, китайского, в том числе взаимоотношения свекрови и невестки, одного из наиболее актуальных вопросов в современном обществе. Этимологическим методом лингвистики раскрыто значение понятий «свекровь», «невестка» в трех языках. Путем сравнительного, семантического анализа автор выявил ряд сходств и различий между английской и китайской языковыми традициями в рамках семейных связей с казахской культурой. Лингвокультурологический анализ выявил положительные и отрицательные компоненты взаимоотношения свекрови и невестки в паремиях трех языков. Новизна исследования заключается в рассмотрении нового аспекта в области лингвокультурологии казахского языкознания, связанного с анализом паремиологии казахского, английского и китайского языков. Результаты исследования могут быть полезны лингвистам, культурологам и специалистам в области межкультурных коммуникации.

Ключевые слова: паремия, семейные отношения, свекровь, невестка, лингвокультура.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Захарова Л. Б., Захарова Е. В. Дефиниция и классификация паремий в русском и испанском языках// Филологические науки. Вопросы теории и практики 2021. Том 14. Выпуск 11. С. 3560-3564
- 2 Пермяков Г.Л. Основы структурной паремиологии. М.: Наука, 1988. – 236 с.
- 3 Mieder W. Proverbs : a handbook. Greenwood Press, 2004. – 304 p.
- 4 Кайдар Ә. Жизнь в науке. Сборник статей и докладов -Алматы: дом печати «Сардар», 2014, – 520 с.

- 5 Huang B., Kamensky M. Stereotypes of female family roles in chinese and english proverbs // Synergy of Languages & Cultures 2022: Interdisciplinary Studies; St Petersburg State University, 2023, P 240-255.
- 6 成世勋., 汉哈谚语对比研究。北京:知识产权出版社, – 288 页. Cheng Shixun [A comparative study of Chinese and Kazakh proverbs], [Beijing: Intellectual Property], – 288 p.
- 7 Бредис М.А., Димогло М.С., Ломакина О.В. Паремии в современной лингвистике: подходы к изучению, текстообразующий и лингвокультурологический потенциал // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2020. Т. 11. № 2. – С. 265-284. doi: 10.22363/2313-2299-2020-11-2-265-284
- 8 Маслова, В. А. Основы современной лингвистики. – Витебск, 2018. – 221 с.
- 9 Mussa-Akhunov A., Essenova K., Suambekova G., Imatayeva A., & Osmanova Z. Linguistic and cultural expression of the macro concept of “family” in Kazakh-Dungan proverbs // International Journal of Society, Culture & Language – 2024. -12(1), 56–70. doi: 10.22034/ijsc.2023.2011596.3170.
- 10 Карлинский А.Е. Место паремиологии в науке о языке // Избранные труды по теории языка и лингводидактике. Алматы, 2007. – 308 с.
- 11 Казахская традиционная система этнографических категорий, понятий и названий. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: РПК "Слон" DPS, 2012. – 736 с. <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=89>
- 12 Севортян, Э.В. Этимологический словарь тюркских языков (В,Г,Д). Москва. – Издательство Наука, 1978. –392 с.
- 13 Online Etymology Dictionary. https://www.etymonline.com/word/mother-in-law#etymonline_v_18413
- 14 张璐. 俄汉谚语中女性形象的对比研究. 哈尔滨工业大学硕士论文. 哈尔滨, 2018. 87 页. Zhang Lu, [A comparative study of female images in Russian and Chinese proverbs]. [Master's thesis of Harbin Institute of Technology], Harbin, 2018, – 87 p.
- 15 Makhstudova N.A. Uzbek Proverbs and National Character // EPRA International Journal of Research and Development, – 2023. – 8(12). <https://doi.org/10.36713/epra2016>

Материал поступил в редакцию журнала 31.08.2024

Linguocultural aspect of the relationship between mother-in-law and daughter-in-law in Kazakh, English and Chinese proverbs

K. Duisenova¹, A. Sarbasova¹, E. Aleshinskaya²

¹Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan

²National Research Nuclear University MRPhI, Moscow, 115409, Russian Federation

In the modern world, the study of languages and cultures across different nations holds growing significance. Among the core elements of any culture is the concept of family, which reflects societal norms and interpersonal relationships. This article explores family-related proverbs through a comparative linguocultural analysis of three unrelated languages: Kazakh, English, and Chinese. Special attention is given to the culturally sensitive and socially relevant relationship between mother-in-law and daughter-in-law.

Using the etymological method, the study uncovers the meanings and cultural connotations of the terms “mother-in-law” and “daughter-in-law” in each language. Through comparative and semantic analysis, the research identifies both similarities and differences in how family relationships are conceptualized across these cultures. The analysis reveals both positive and negative representations of the mother-in-law–daughter-in-law relationship in the proverbs of the three languages, shedding light on shared values as well as culturally specific attitudes.

The novelty of this research lies in its focus on a relatively unexplored topic within Kazakh linguocultural studies, offering new insights into the intersection of language, culture, and family

traditions. The findings are valuable for linguists, cultural researchers, and professionals in the field of intercultural communication.

Key words: paremia, family relations, mother-in-law, daughter-in-law, linguoculture.

REFERENCES

- 1 Zakharova, L.B. Zakharova Ye.V. (2021) *Definitsiya i klassifikatsiya paremiy v russkom i ispanskoy yazykakh* [Definition and classification of proverbs in Russian and Spanish]. // *Filologicheskiye nauki. Voprosy teorii i praktiki*, – vol. 14, no. 11, – P. 3560-3564. (in Russian)
- 2 Permyakov, G.L. (1988) *Osnovy strukturnoy paremiologii* [Fundamentals of structural paremiology], Moscow. (in Russian)
- 3 Mieder, W. (2004) *Proverbs : a handbook*, Greenwood Press, London, UK.
- 4 Kaidar, A. (2014) *Gylymdagy gumyr* [Life in science], Almaty. (In Kazakh)
- 5 Huang, B., Kamensky, M. (2022), Stereotypes of female family roles in chinese and english proverbs // *Synergy of Languages & Cultures 2022: Interdisciplinary Studies*; St Petersburg State University, – 2023, – P. 240-255.
- 6 成世勋, (2016) 汉哈谚语对比研究, 北京:知识产权出版社. Cheng Shixun (2016) [A comparative study of Chinese and Kazakh proverbs], Beijing. (In Chinese)
- 7 Bredis, M.A., Dimoglo, M.S., Lomakina, O.V. (2020) *Paremiy v sovremennoy lingvistike: podkhody k izucheniyu, tekstoobrazuyushchiy i lingvokul'turologicheskiy potentsial* [Proverbs in modern linguistics: approaches to study, text-forming and linguacultural potential] // *Vestnik Rossiyskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Teoriya yazyka. Semiotika. Semantika*. – 2020. – Vol.11, no 2. – P. 265–284. (in Russian)
- 8 Maslova, V. A. (2018) *Osnovy sovremennoy lingvistiki* [Fundamentals of modern linguistics] Vitebsk. (In Russian)
- 9 Mussa-Akhunov, A., Essenova, K., Suambekova, G., Imatayeva, A., Osmanova, Z. (2024). Linguistic and cultural expression of the macro concept of “family” in Kazakh-Dungan proverbs // *International Journal of Society, Culture & Language*, – 2024. – 12(1), – P. 56–70. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.2011596.3170>
- 10 Karlinsky, A.E. (2007) *Mesto paremiologii v nauke o yazyke* [The Place of Paremiology in the Science of Language], Almaty. (In Russian)
- 11 *Kazaktyn etnografiyalyk kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhujesi* (2012) [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names]. Encyclopedia. Almaty, 2012. Available at: <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=89> (In kazakh)
12. Sevortyan, E.V. (1978) *Etimologicheskij slovar' tyurkskih yazykov (V,G,D)* [Etymological dictionary of Turkic languages (V, G, D)], Moscow. (In Russian)
- 13 Online Etymology Dictionary. https://www.etymonline.com/word/mother-in-law#etymonline_v_18413
- 14 张璐.(2018) 俄汉谚语中女性形象的对比研究. 哈尔滨工业大学硕士论文. – 哈尔滨. Zhang Lu, (2018) [A comparative study of female images in Russian and Chinese proverbs]. [Master's thesis of Harbin Institute of Technology], Harbin. (In Chinese)
- 15 Makhsudova, N. A. (2023). Uzbek Proverbs and National Character // *EPRA International Journal of Research and Development*, – 2023. – Vol.8(12).

Материал поступил в редакцию журнала 31.08.2024